


ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

2021 ж. қаңтар-қыркүйек

97,8
МЛРД ТГ



103,8%
ФКИ

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$47,7
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 88%
ОТӨ 12%




НАРЫҚ

\$1 373
МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021ж. қаңтар-тамыздағы деректер



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2021 ж. қаңтар-қыркүйектегі жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп **өнімі өндірісінің көлемі** 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 97,8 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезең көрсеткішінен 12,3% жоғары. Өсу барлық ішкі салаларда байқалады: текстильных бұйымдар өндірісінде (+4,2%), киім өндірісінде (+23,6), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+17,1%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінде негізгі үлесті текстиль өндірісі құрайды – 49,9 млрд теңге, одан кейін киім өндірісі – 38,2 млрд теңге және былғары және оған жататын өнім өндірісі – 9,6 млрд теңге.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 103,8% құрады. Өсу киім өндірісінің (+14%) ішкі салаларында және былғары мен оған жататын өнім өндірісінің ішкі салаларында (+8,3%) байқалады. Текстиль өнімі өндірісінің ішкі саласында төмендеу байқалады (-2,8%).

Киім өндірісі ФКИ 114% өсуі ерлерге арналған пиджактар мен блейзерлер, пиджак сияқты жакеттер, курткалар өндірісінің 2,8 есе; ерлерге арналған костюмдер, жинақтар, пиджак, шалбарлар, комбинезон, бриджи және шорты өндірісінің 2,4 есе; ерлерге арналған пальто, плащ, жылы куртка (шаңғыға арналған куртканы қоса алғанда), желбегей өндірісінің 2,2 есе; ерлерге немесе ұл балаларға арналған шалбар, комбинезон, жұмыс бриджи өндірісінің 35,7%; ерлерге арналған жұмыс киімі өндірісінің 32%; ерлерге арналған жұмыс жинақтары, курткалар және пиджактар өндірісінің 31,9% өсуі есебінен болды.

Былғары және оған жататын өнім ФКИ 108,3% өсуі әр түрлі материалдардан жасалған чемодан, саквояж, сөмке, портфель, рюкзак, футляр өндірісінің 6,7 есе; спортқа арналған аяқ киім өндірісінің 6,5 есе; үсті полимер материалдан жасалған су өткізбейтін аяқ киім өндірісінің 6 есе; су өткізбейтін немесе спорт аяқ киімінен басқа резеңкеден немесе полимер материалдан жасалған аяқ киім өндірісінің 87,2%, ІҚМ терісінен жасалған былғары өндірісінің 46,3% өсуі есебінен болды.

Текстиль өнімі өндірісінің 2,8% (ФКИ 97,2%) төмендеуі негізінен синтетикалық штапельді талшықтардан жасалған маталар өндірісі көлемінің 67,2%; сырылған көрпе, мамық көрпе, диванға арналған жастықтар, пуф, жастықтар, ұйықтауға арналған қаптар және кез келген материалдан немесе кеуекті резеңкеден немесе кеуекті пластмассадан толтырмамен осыған ұқсас бұйымдар өндірісі көлемінің 50,8%; ас үйге арналған жаулықтар өндірісі көлемінің 46%; мақта талшығы өндірісі көлемінің 39,8%; арқан-жіп бұйымдары, сымарқан, арқан, шпагат және тор өндірісі көлемінің 32,4%; мақта иірімжібі өндірісі көлемінің 22,9%; кілемдер мен кілем бұйымдары өндірісі көлемінің 17,7% қысқаруына байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-тамызда 47,7 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2020 жылғы осы кезеңнен 15% жоғары.

Экспорттық жеткізудің киім тауарларында 59,3% және былғары мен оған жататын өнімде 2,2 есе өсуі байқалады.

Тоқылмаған материалдан жасалған химия жіптерін жеткізудің 82,6%, 85% және одан да көп мақтадан тұратын м/м жіп жеткізудің 20,5%, мақта-матадан жасалған өзге де төсек орындарын жеткізудің 18,6% қысқаруы есебінен текстиль бұйымдары тауарларында экспорттың 5% қысқарғаны байқалады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Литва.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-тамызда 1 373 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, осындай кезеңмен салыстырғанда 37,7% жоғары.

Жеңіл өнеркәсіп тің барлық ішкі салаларында импорт жеткізулердің өсуі байқалады: текстиль бұйымдары (+20,3%), киім (+41,5%), былғары және оған жататын өнім (+57,9%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Ресей, Түркия.

2021 жылғы қаңтар-тамызда ҚР жеңіл өнеркәсіп **нарығының көлемі** 1,5 млрд АҚШ долл. (660,5 млрд теңге) құрады, онда, ОТӨ үлесі 12%, импорт өнім үлесі – 88%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ., Алматы және Түркістан облыстарында және Алматы қ.

Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінен 21,2% құрайды. Алматы облысында – 15%, Алматы қ. – 11% және Түркістан облысында 9,4% жуық.